

**"2019 – 2020 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы"  
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 281 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 9 маусымдағы № 154 қаулысы.  
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 маусымда № 6348 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2019 – 2020 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 281 қаулысына (2019 жылғы 06 қараша Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5634 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

әкімдігінің 2020 жылғы  
 9 маусымы № 154 қаулысына  
 қосымша  
 Солтүстік Қазақстан облысы  
 әкімдігінің 2019 жылғы  
 31 қазандағы № 281 қаулысына  
 2-қосымша

## 2019 – 2020 оқу жылына арналған жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Оқу орындарының атауы	Білім беру саласының коды және сыныптамасы	Даярлау бағытының коды және сыныптамасы	Оқыту тілі	Жоғарғы білім негізіндегі мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, күндізгі оқыту нысаны (орындар, гранттар саны)	О қ у жылындағы б і р студентті о қ ы т у шығынының орташа құны (мың теңге)	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі
1.	"Астана медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7 R 0 9 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау	орыс	27	815, 5	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	"Қ а з а қ медициналық үздіксіз білім беру университеті" акционерлік қоғамы	7 R 0 9 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау	орыс	12	815, 5	
3	"Семей медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7 R 0 9 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау	орыс	10	815, 5	
4	"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7 R 0 9 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау	орыс	6	1196,16	
5	"Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7 R 0 9 3 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау	орыс	11	815, 5	
6	"University Medical Center" корпоративтік қоры	7 R 0 9 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау	орыс	3	815, 5	
	"Құрмет Белгісі" орденді Қазақ көз						

7	аурулары ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	7 R 0 9 Денсаулық сақтау ( медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау ( сақтау	орыс	3	815, 6
8	"Қазақстан-Ресей медициналық университеті" мемлекеттік емес білім беру мекемесі	7 R 0 9 Денсаулық сақтау ( медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау ( сақтау	орыс	1	1000, 0
9	"Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық" акционерлік қоғамы	7 R 0 9 Денсаулық сақтау ( медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау ( сақтау	орыс	2	815,5
10	"Онкология және трансплантология ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	7 R 0 9 Денсаулық сақтау ( медицина)	7 R 0 9 1 Денсаулық сақтау ( сақтау	орыс	1	815, 5
Жиыны					76	